

*А.Т.Мәми<sup>1</sup>, З.О.Дүкенбаева<sup>2</sup>, В.В.Номогоева<sup>3</sup>*

<sup>1</sup>*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің 2 курс докторанты,  
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан*

<sup>2</sup>*т.ғ.д., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің профессоры,  
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан*

<sup>3</sup>*т.ғ.д., Дж.Банзаров атындағы Бурят Мемлекеттік Университетінің профессоры,  
Улан-Удэ қ., Бурятия Республикасы  
anara\_mamy@mail.ru, dukenbaevazo@mail.ru, nomogoeva67@mail.ru*

## ПОСТКЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ НАРЫҚТЫҚ ЖАҢАРУ

### *Аңдатпа*

Мақалада посткеңестік кезеңдегі Қазақстандағы нарықтық реформалардың нәтижелері қарастырылып, өткені мен бүгінгі салыстырылады. Нарықтық экономика 30 жыл ішінде экономикадағы өзекті мәселелердің бір бөлігін ғана шешті. 1990 жылдардан басталған жеке меншікке толық көшу ондаған жылдар бойы жалғасып келеді. Қазіргі дағдарыстан шығу үшін Қазақстан экономикалық даму бағыттарын өзгертуі қажет. Бұл өзгерістерді мемлекет өз жауапкершілігіне алуы керек. Нәтижесінде елде меншіктің әртүрлі формалары ұсынылатын аралас экономика моделі қалыптасуы керек. Сонымен бірге, мемлекет адамдардың өмір сүруіне жағдай жасайтын және елдің қауіпсіздігінде шешуші рөл атқаратын салаларды бақылауы керек. Еліміздегі шағын және орта кәсіпкерлік өз дамуында бірқатар қиыншылықтарды да көріп отыр. Кәсіпкерліктің қырсырын білетін мамандардың аз болуы, оның жоғарғы оқу орындарында сапасыз оқытылуы осы саладағы мықты мамандардың аз болуына әкелді. Қазіргі жаһандану заманында, көріп отырғанымыздай дамыған елдер кәсіпкерлікке инновация, жаңалық әкелу арқылы әлем нарықтарын жаулап алып, мықты экономикалық жүйе қалыптастырып жатыр. Осы үрдіс Қазақстандық кәсіпкерлікте де өз жалғасын табатын болса, онда экономикадағы кәсіпкерліктің үлесі артатын болады.

**Кілт сөздер:** экономикалық тарих, кәсіпкерлік тарихы, шағын және орта кәсіпкерлік, Қазақстандық нарық.

*Mami A.T.<sup>1</sup>, Dukenbayeva Z.O.<sup>2</sup>, Nomogoeva V.V.<sup>3</sup>*

<sup>1</sup>*2nd year PhD student of the Eurasian National University named after L.N. Gumilyev,  
Nur-Sultan, Kazakhstan*

<sup>2</sup>*d.h.s., professor of the Eurasian National University named after L.N.Gumilyev,  
Nur-Sultan, Kazakhstan*

<sup>3</sup>*d.h.s., professor of Buryat State University named after George Banzarov,  
Ulan-Ude, Republic of Buryatia  
anara\_mamy@mail.ru, dukenbaevazo@mail.ru, nomogoeva67@mail.ru*

## MARKET UPDATES IN POST SOVIET KAZAKHSTAN

### *Abstract*

The article examines the results of market reforms in Kazakhstan in the post-Soviet period, comparing the past and present. For 30 years, the market economy has decided only some of the most pressing issues of the economy. The full transition to private ownership, which began in the 1990s, is already in its infancy. To get out of the current crisis in Kazakhstan, it is necessary to

change the direction of economic development. The state must take responsibility for these changes. The result in the country should be a model of mixed economy, offering different forms of ownership. At the same time, the state must control the spheres that facilitate the lives of people and play a key role in the security of the country. Small and medium business in the country sees a number of difficulties in its development. The lack of specialists who know the ins and outs of entrepreneurship, poor quality of its training in higher education has led to a shortage of strong professionals in this field. In today's globalized world, as we see, developed countries are conquering world markets and building a strong economic system by bringing innovation and innovation to entrepreneurship. If this trend continues in Kazakhstani business, then the share of entrepreneurship in the economy will increase.

**Key words:** economic history, business history, small and medium business, Kazakhstan market.

*А.Т.Мами<sup>1</sup>, З.О.Дукенбаева<sup>2</sup>, В.В.Номогоева<sup>3</sup>*

*<sup>1</sup> докторант 2 курса Евразийского Национального Университета им.Л.Н.Гумилева,  
г. Нур-Султан, Казахстан*

*<sup>2</sup> д.и.н., профессор Евразийского Национального Университета им.Л.Н.Гумилева,  
г. Нур-Султан, Казахстан*

*<sup>3</sup> д.и.н., профессор Бурятского Государственного Университета им.Джорджа Банзарова,  
г. Улан-Удэ, Республика Бурятия  
anara\_mamy@mail.ru, dukenbaevazo@mail.ru, nomogoeva67@mail.ru*

## **РЫНОЧНЫЕ ОБНОВЛЕНИЯ В ПОСТСОВЕТСКОМ КАЗАХСТАНЕ**

### *Аннотация*

В статье исследуются результаты рыночных реформ в Казахстане в постсоветский период, сравниваются прошлое и настоящее. За 30 лет рыночная экономика решила лишь некоторые из самых насущных вопросов экономики. Полный переход к частной собственности, начавшийся в 1990-х годах, длится уже десятилетия. Для выхода из нынешнего кризиса Казахстану необходимо изменить направление экономического развития. Государство должно взять на себя ответственность за эти изменения. В результате в стране должна быть модель смешанной экономики, предлагающая разные формы собственности. В то же время государство должно контролировать сферы, которые облегчают жизнь людей и играют ключевую роль в безопасности страны. Малый и средний бизнес в стране переживает ряд трудностей в своем развитии. Отсутствие профессионалов, разбирающихся в тонкостях предпринимательства, низкое качество его подготовки в высших учебных заведениях привели к нехватке сильных специалистов в этой сфере. Как мы видим, в сегодняшнем глобализованном мире развитые страны завоевывают мировые рынки и создают сильную экономическую систему, привлекая инновации и инновации в предпринимательство. Если эта тенденция сохранится в казахстанском бизнесе, то доля предпринимательства в экономике увеличится.

**Ключевые слова:** экономическая история, история бизнеса, малый и средний бизнес, рынок Казахстана.

**Кіріспе.** Кеңес Одағының ыдырағанына міне 30 жылдай уақыт болды. Сол дәуірден алыстаған сайын кеңестік тарихтың барлық қайшылықтары мен түсініксіздігіне қарамастан, сол кезде жүргізілген қайта құрулардың маңыздылығының көпшілігі айқындала түседі. Қазақстандағы кәсіпкерліктің өткені мен қазіргі уақыттағы жағдайын салыстыра отырып, экономиканың нарықтық моделі қысқа тарихи уақыт ішінде экономикадағы мәселелерді жедел шеше алмағандығы айқын байқалады. Соңғы 30 жыл

ішінде Қазақстан кеңестік кезеңде елестету қиын болған терең әлеуметтік-экономикалық дағдарысты басынан өткеріп отыр.

**Мақсаты:** Нарықтық экономика 30 жыл ішінде экономикадағы өзекті мәселелердің бір бөлігін ғана шешті. 1990 жылдардан басталған жеке меншікке толық көшу ондаған жылдар бойы жалғасып келеді. Мақалада посткеңестік кезеңдегі Қазақстандағы нарықтық реформалардың нәтижелері қарастырылып, өткені мен бүгіні салыстырылады.

**Материалдар мен әдістер:** Өткенге тарихи объективті баға беру кеңестік кезеңдегі әлеуметтік эволюцияның негізгі бағыттарын анықтаған экономикалық және әлеуметтік дамудың маңызды факторларының жиынтығын жүйелі түрде талдауды қажет етеді. Кеңестік өткеннің 30 жылдығын бағалай отырып, көптеген адамдар бұл жылдарды әдеттегідей «тоқырау» уақыты, кеңестік жүйенің күйреуін алдын-ала анықтаған тоқырау деп атайды. Дегенмен, бұл көзқарас біржақты болуы мүмкін. Бұл көзқарастар сол кездегі Кеңес Одағында болып жатқан күрделі әлеуметтік-экономикалық үдерістерге баға берді. Бұл пікірлерде өндіргіш күштердің дамуы, әсіресе орталықтан шалғай аудандарда, оның ішінде Сібір мен Қиыр Шығыста болған өзгерістер ескерілмей жатады. Кеңестік тарихтың соңғы 30 жылда бұл аймақтар өздерінің өндірістік әлеуетін едәуір арттырып, елдің дамыған өнеркәсіп орталықтарының құрамына кірген.

XX ғасырдың аяғындағы Қазақстанда жүргізілген нарықтық реформалар экономиканың барлық салаларында өндірістің, инвестициялық белсенділіктің төмендеуімен, инфляцияның өсуімен, жұмыссыздық және халықтың басым көпшілігінің өмір деңгейінің апатты төмендеуімен қатар жүрді [1].

**Нәтижелерді талқылау:** 1991-2001 жж. кәсіпкерліктің қалыптасуы мен дамуы 4 кезеңде жүзеге асырылды. *1991-1992 жж.* аралығында бағаны ырықтандыру кезеңі болды. Бұл уақыт шағын кәсіпорындардың пайда болуымен және де тауар және қызмет көрсету саласында кең белең алуымен ерекшеленді. Өздерінің тауарларын нарыққа тарату үшін үлкен кәсіпорындар өз ішінен бірнеше кіші кәсіпорындар ашуы арқылы кәсіпорындар пайдасының жеке адамдар мен топтардың қолына шоғырлануына әкелді. Қазақстандағы «көлеңкелі экономиканың» енді бастау алған кезеңі болып есептелінді. *1992-1995 жж.* нарықта қызмет еткен кәсіпорындар саны 2 есе қысқарып, кәсіпорындарда өндірілген өнімдер мен қызметтер құны ЖІӨ (жалпы ішкі өнімнің) 7% -нан 4,7%-ға дейін төмендеді. Бұл жағдай жұмыссыздық деңгейінің артуына әкеліп соқты.

*1993-1995 жж.* фискалдық саясат кезеңі болды. Бұл кезде елде макроэкономикалық тұрақтылыққа жету үшін салықтық жеңілдіктер жасалынды. 1994 жылы өндіріс саласында жұмыс істейтін жұмысшылар саны азая бастады, үлкен салықтық ауыртпашылықтан кәсіпкерлікпен айналысу тиімсіз болды. Осы орайда шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту үшін үкімет салықтық жеңілдіктерді енгізуге мәжбүр болды. Тауарлардың нарықта жетіспеушілігі, инфляция кәсіпкерліктің дамуының тежеуші және жұмыссыздық санының атуының басты себебі болып қарастырылды. Бұл уақытта банктік және сауда саттық салалары ғана жақсы жұмыс істеп тұрды.

*1996-1997 жж.* жекешелендіру саясаты жүзеге аса бастаған кезең. 1996-1997 жж. Қазақстанда макроэкономикалық тұрақтылық сезіле бастады. Кіші кәсіпкерлікті қолдау мақсатында 1997 жылы 6 наурызда ҚР Президенті жарлығы қабылданды. Жарлыққа сәйкес Республикадағы 1520 бос ғимараттар мен орындар кәсіпкерлерге сатылып, 1334 бос орындар жалға берілді. Кәсіпкерлер жеке кәсіппен айналысу үшін тұрғын үйлердің 1 қабатынан дүкендер ашуға 5664 рұхсатнама алған. Осындай іс-шаралардың іске асырылуымен 1996-1997 жж. кіші кәсіпкерлік нысандары 2,4 есеге өсіп, олардағы айналым көлемі ЖІӨ (жалпы ішкі өнімнің) 8,5% құраған болатын.

*1998-2001 жж.* Қазақстан экономикасы сапалы дамуға көше бастады. Бұл кезеңде ел экономикасында қаржы және өнеркәсіп салалары жақсы дамыды. Көбіне екінші деңгейлі банктер, жергілікті бюджет есебінен, Азия Даму Банкі, Еуропалық Қалпына келтіру және Даму Банкі бөлген қаражаттар кәсіпкерлік дамуының басты қаржыландыру көздері болды. 1999-2000 жылдары қабылданған кәсіпкерлікті қолдау және дамытуға бағытталған

бағдарламаларда жоспарланған нәтижелерге қол жеткізілмеді. 2000 жылдың аяғында кәсіпкерлік нысандар санын 500 мыңға жеткізу, олардағы айналым көлемі ЖІӨ (жалпы ішкі өнімнің) 15% жеткізу жоспары орындалмай қалды. 2002-2012 жж. Қазақстандағы кәсіпкерліктің дамуына өзіндік жаңа өзгерістер болды. 2000-2010 жылдары кәсіпкерлік нысандары 6 есеге артып, 2011 жылы тіркелген кәсіпорындар саны 675 мыңды құрады [2].

XX ғасырдың 80-90-шы жылдардың бас кезінде партия мен мемлекет басшыларының және кейбір экономистердің санасында сол кездегі тоқырауды тек нарықтық тұтқалардың көмегімен ғана тез арада жеңуге болады деген пікір қалыптасты. 1990 жылдардың басында саясаткерлер мен экономистер «капитализациялық шок» саясатын іске асырумен қатар, нарықтық механизмдерді кеңінен енгізуге тырысты. Бұл саясаттың салдары бүгінде Қазақстан экономикасының ауылшаруашылық саласында, жеңіл өнеркәсіп саласында болып жатырған және жалпы қоғамда жинақталған мәселелерден көрініп отыр. Нәтижесінде, бұл кеңестік экономикалық модельдің түбегейлі бұзылуына және нарықтық экономикаға жедел, фронтальды көшуге мәжбүрледі. Статистикалық деректер шағын және орта кәсіпкерлік секторының құрылымындағы жұмыс істеп тұрған субъектілердің үлес салмағы соңғы 10 жылда екі есеге артқанын көрсетеді. Дегенмен, шаруа және фермерлік қожалықтар үлесі 27,2% дан 16,4%-ға дейін төмендеген. Бұл ауылшаруашылық саласында кәсіпкерлер санының төмендегенін көрсетті. 2020 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны өткен жылдың сәйкес күнімен салыстырғанда 1,2% артты. Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің жалпы санында жеке кәсіпкерлердің үлесі 63%, шағын кәсіпкерліктің заңды тұлғалары - 20,4%, шаруа немесе фермер қожалықтары - 16,4%, орта кәсіпкерліктің заңды тұлғалары - 0,2% құрады [3].

Қазіргі кезде Қазақстан экономикасында шикізат экспорты басым, ШОК-тың ЖІӨ-дегі үлесі төмен, қосымша өнім шығаратын кәсіпорындардың салыстырмалы түрде дамымағаны тағы бір айғақ болып табылады. Шағын және орта бизнестің ЖІӨ-дегі үлесі орта есеппен 2019 жылы 20,6% құрады, ал 2020 жылдың қаңтар-наурызында 30,8%, 2010 жылы 27,7% жетті. Дүниежүзілік банктің мәліметтері бойынша дамыған елдерде ШОБ үлесі 62-63% құрайды екен. ЕАЭО елдері арасындағы ең жоғары көрсеткіш Қырғыз Республикасында, ол 39,3% құрайды. Қазіргі жаһандану жағдайында дамыған елдер кәсіпкерлікке жаңалық енгізу арқылы әлемдік нарықтарды жаулап алу арқылы мықты экономикалық жүйені құруда. Білім беру жүйесін жетілдіру арқылы біз кәсіпкерлік саласында жоғары сапалы мамандар аламыз. Жаңа идеялар азаматтарға бизнестің жаңа мүмкіндіктерін туғызады, онда олар өз кірістерін көбейтеді және үкіметтің ашық қолдауы өте маңызды.

Сонымен қатар Батыстың экономикалық моделін белгілі бір деңгейде идеализациялау көбіне басты рөл атқарғанын көруге болады, ол «нарықтық көрінбейтін қол» көмегімен мемлекеттегі барлық жинақталған мәселелерді шешуі керек деп есептелінді. Бұл көбінесе Батыс ғалымдарының пікірі бойынша отандық экономистердің нарықтық экономиканың жұмыс істеу механизмдерімен өте үстірт танысуына байланысты болды [4].

Бүгінде, нарықтық жаңғыру басталғаннан бері 30 жыл өткеннен кейін, нарықтық тетіктердің көмегімен қоғамның тез өзгеруіне деген үміттің ақталмағандығын көруге болады. Орталықтандырылған экономикадан реттелмеген нарыққа өту бұрын ойлағаннан әлдеқайда қиын, ұзақ болып шықты. Мемлекеттік меншікті асығыс ойластырмай жекешелендіру азшылық топтың баюына және ел халқының басым көпшілігінің кедейленуіне әкеліп соқтырды. Бұрынғы мемлекеттік меншіктің жаңа иелері мемлекетке қарағанда әлдеқайда тиімсіз басқарушылар болып шықты. Олардың басшылығымен өнеркәсіптік кәсіпорындардың көп үлесі банкротқа ұшырап жабылды, өйткені олардың иелерін бірінші кезекте олардың нақты өндірісі емес, қаржылық мәні қызықтырды.

Өкінішке орай, посткеңестік кезеңде Қазақстанда аса маңызды өзгерістер болды деп айта алмаймыз. Қазіргі кезде Қазақстанда оған ірі экономикалық мәртебе бере алатын тиімді экономикалық даму моделінің жоқ екенін байқауға болады. 1990-шы жылдар

«экономикалық» күйреу және кеңестік кезеңде құрылған материалдық негіздің бұзылу уақытына сәйкес келді [5].

Сыртқы нарықта ең қолайлы жағдай қалыптасқан сәтте де, бюджетті мұнай долларымен толықтырған «майлы» 2000 жылдары да экономикада терең құрылымдық қайта құрулар жүргізілмегендігін байқаймыз. Ол уақытта Қазақстан экономикасы әлі де шикізаттық бағытта болды және мұнайдың әлемдік бағасының ауытқуына өте тәуелді болып қала берді. 2010 жылғы әлемдегі энергетикалық ресурстарға бағаның күрт төмендеуі Қазақстанды жаңа «дағдарыстарға» әкелді.

Қазіргі кезде көпшілік қауым кәсіпкерліктің дамуы мемлекет экономикасының даму көрсеткіші екенін жете түсіне бастады. Өз кезегінде кәсіпкерліктің дамуы мемлекеттің тікелей қолдауын талап етеді. Тәуелсіздік алған жылдардан бері Қазақстан үкіметі көптеген заңдық құжаттарға өзгерістер енгізіп, экономиканы барынша нарық заңымен дамытуға бағыттап, жекешелендіру саясатында ауқымды жұмыс жасады. Қазіргі кезде Қазақстанда жеке және орта кәсіпкерліктің дамуы үшін заңдық және қаржылық тұрғыдан көптеген мүмкіншіліктер жасалынғанмен көптеген ірі және орта нарық сегменттерінде өзіндік монополия байқалады [6].

2010-2020 жылдардағы Қазақстандағы кәсіпкерлікке бағытталған инвестицияларды талдау кезінде негізінен Еуропалық қайта құру және даму банкі (ЕҚДБ) шағын және орта кәсіпкерлікке айтарлықтай көмек көрсетті. 2010 жылы Қазақстан ЕҚДБ қаржыландыратын шағын кәсіпкерлікті қолдау бағдарламаларын енгізген алған алғашқы мемлекет ретінде танылды. 2013 жылы «Бизнес-консультациялық қызмет» бағдарламасы бойынша 10 жоба және «Даму» қоры үшін 1 модуль нарығын дамыту бойынша 14 шара іске асырылды. 2014 жылы ЕҚДБ Қазақстанда барлық аймақтардың жергілікті консультанттарын тарта отырып, 142 жобаны жүзеге асырды. 2015 жылы ЕҚДБ Қазақстанда 148 жобаны іске қосты. ЕҚДБ қолдаулары Қазақстан аймақтарында жеке және шағын бизнестің барынша дамуына ықпал етті және экономиканы әртараптандыру процесін жеделдету саясатын жүргізді. Сонымен қатар, 2016 жылы Еуропалық қайта құру және даму банкі Қазақстандағы микро, шағын және орта кәсіпкерлік және әйелдер бизнесі үшін \$23,2 млн. бөлген.

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) қатысушы елдердегі кәсіпкерліктің дамуын үнемі қадағалап отырады. ЭЫДҰ елдерінің профилі 2007-2018 жылдар аралығында 48 елдегі ШОБ қаржыландырудың тенденциялары мен саясаты туралы ақпарат береді.

Бүгінгі таңда ЭЫДҰ стандарттары бизнестің барлық салаларында және ШОБ секторында сәтті енгізіліп жатыр. Қазақстан 2018 жылы алғашқы бестікке енді, ШОБ несиелеудің өсу қарқыны бойынша өсім 7,17% құрады. 2013-2019 жылдары Үкімет «Даму» қоры арқылы ЭЫДҰ елдерімен салыстырғанда ШОБ-ты жеңілдетілген қаржыландыру көлемін қамтамасыз етті: осы кезеңдегі ШОБ қолдау бағдарламаларының бюджеті \$2 млрд. құрады. Бұл шаралар жалпы сомасы 9,4 млрд доллар болатын 85,6 мың ШОБ жобаларын қаржыландыруға мүмкіндік берді. 7 жыл ішінде банктердегі ШОБ несие портфелі \$ 10,8 млрд-қа дейін өсті, портфельдегі ШОБ үлесі 26,9% дейін өсті [7].

**Зерттеу нәтижесі:** 1990 жылдардың басында жеке меншікке бір сатылы және толықтай көшу экономиканың тез қалпына келуін қамтамасыз ете алмағаны анық. Оның үстіне, бұл ондаған жылдар бойы жалғасып келе жатқан экономикалық дағдарысқа айналды. Ұзаққа созылған экономикалық тоқырау жағдайында Үкімет дәл осы жаңа экономикалық өрлеудің ұйтқысына айналуы керек. Ол үшін оның барлық құралдары бар. Бұл қызметтің нәтижесінде Үкімет елде әр түрлі меншік формалары бар аралас экономика моделін қалыптастырып, оның ішінде мемлекеттік меншікті тек әскери емес, сонымен қатар экономиканың азаматтық секторында қалыптастыру қажеттілігі туындап отыр. Сонымен бірге, мемлекет адамдардың өмір сүруіне жағдай жасайтын және елдің қауіпсіздігінде шешуші рөл атқаратын экономиканың жетекші салаларын бақылауы керек [8].

Еліміздегі шағын және орта кәсіпкерлік өз дамуында бірқатар қиыншылықтарды да көріп отыр. Кәсіпкерліктің қыр-сырын білетін мамандардың аз болуы, оның жоғарғы оқу орындарында сапасыз оқытылуы осы саладағы мықты мамандардың аз болуына әкелді. Қазіргі жаһандану заманында, көріп отырғанымыздай дамыған елдер кәсіпкерлікке инновация, жаңалық әкелу арқылы әлем нарықтарын жаулап алып, мықты экономикалық жүйе қалыптастырып жатыр [9]. Осы үрдіс Қазақстандық кәсіпкерлікте де өз жалғасын табатын болса, онда экономикадағы кәсіпкерліктің үлесі артатын болады. Инновация деңгейінің төмен болуы да осы білімнің сапасыз болуына тікелей байланысты. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, Қазақстандық инновациялық өнімдер 2018 жылы Жалпы ішкі Өнімнің 1,9% құраған. Әлемдік Инновациялық индекс (Global Innovation Index 2018) есептерінде Қазақстан 74 орынды иеленген. Салыстыратын болсақ, 1 орында Швейцария мемлекеті тұрса, 4 орында Ұлыбритания, 6 орында АҚШ мемлекеті, Ресей мемлекеті 46 орында тұр.

**Қорытынды:** Соңғы уақыттағы еліміздің шетелдік инвестициялар тартудағы іс-шараларының күшеюіне байланысты, болашақта елімізге келетін инвестициялар кәсіпкерліктің де нығаюына бірқатар үлес қосады деген үміт те жоқ емес.

Нарықтық экономиканың негізі болып табылатын кәсіпкерлікті дамыту қазіргі кезде Қазақстанның стратегиялық басымдығы болып табылады және шағын және орта бизнестің ел экономикасындағы үлесін 2030 жылы 36%, ал 2050 жылға қарай 50% жеткізу жоспарланып отыр. Сонымен қатар, кәсіпкерлік Қазақстан экономикасының маңызды элементі болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, кәсіпкерлікті мемлекет тарапынан қолдау шаралары өте орынды болып табылады және отандық кәсіпкерлікті дамыту әртүрлі кәсіпкерлік салалардың құрылымын жетілдіру оларды тиімді пайдалану жолдары алдағы экономикасы тұрақты дамыған, индустриялы ел болуымызға жол ашады.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Абжанова Д.Ш. *Современное состояние малого бизнеса в Казахстане // Вестник Казахского аграрного университета им. С. Сейфуллина, 2005. -С. 215.*
2. Ботанов М. *Предпринимательство – один из путей к экономической безопасности Казахстана. // Аль Пари, № 1-2. 2001. –С.43.*
3. *Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті ресми сайты. <https://stat.gov.kz/official/industry/11/statistic/6>*
4. Актамов Е.А. *Социально-экономические аспекты истории Енисейского речного пароходства (1985-2001 гг.). Автореф. канд.дис... –Улан-Удэ, 2016. – С.5.*
5. Сабден О.С., Токсанова А.Н. *Управление малым предпринимательством: вопросы теории и практики. – Астана: Елорда, 2001.*
6. *Об итогах развития малого и среднего предпринимательства в Казахстане. Государственная программа индустриально-инновационного развития Республики Казахстан на 2015-2019 годы.*
7. «DAMU» EntrepreneurshipDevelopmentFund» [websitesereports.   
https://www.damu.kz/en/poleznaya-informatsiya/informatsiya-fonda/analitika/](https://www.damu.kz/en/poleznaya-informatsiya/informatsiya-fonda/analitika/)
8. Романова И. В. *Проблемы правового регулирования предпринимательства граждан в Республике Казахстан. – Алматы: Университет «Туран», 2002.*
9. *Предпринимательство: Учебник для вузов. / Под ред. проф. В.Я. Горфинкеля, проф. Г.Б. Поляка, проф. В.А. Швандара. – М.: Банки и биржи, ЮНИТИ, 1999.*

#### *References:*

1. Abzhanova D.Sh. *The current state of small business in Kazakhstan // Bulletin of the Kazakh Agrarian University. S. Seifullina, 2005. -P. 215.*
2. Botanov M. *Entrepreneurship - one of the ways to the economic security of Kazakhstan. // Al Pari, no. 1-2. 2001. –P.43.*

3. National Economy Ministry Statistics Committee Official web page. <https://stat.gov.kz/official/industry/11/statistic/6>
4. Aktamov E.A. *Socio-economic aspects of the history of the Yenisei River Shipping Company (1985-2001). Abstract of thesis. Ph.D. thesis...* - Ulan-Ude, 2016. - P.5.
5. Sabden O.S., Toksanova A.N. *Small business management: theory and practice.* - Astana: Elorda, 2001.
6. *On the results of the development of small and medium-sized businesses in Kazakhstan. State program of industrial and innovative development of the Republic of Kazakhstan for 2015-2019.*
7. "DAMU" Entrepreneurship Development Fund website reports. <https://www.damu.kz/en/poleznaya-informatsiya/informatsiya-fonda/analitika/>
8. Romanova IV *Problems of legal regulation of entrepreneurship of citizens in the Republic of Kazakhstan.* - Almaty: University "Turan", 2002.
9. *Entrepreneurship: Textbook for universities.* / Ed. prof. V. Ya. Gorfinkel, prof. G.B. Polyak, prof. V.A. Shvandara. - M.: Banks and exchanges, UNITI, 1999.